

Желідегі жаңалықтар



Қашықтан оқу барысында университеттің YouTube арнасына жалпы саны 67 бейнеақпарат жүктелген. Оның ішінде оқытушылардың онлайн-дәрістері, практикалық сабақтар, конференциялар мен вебинарлар бар.


Төтенше жағдай кезінде университет жаңалықтары да әлеуметтік желілерде кеңінен таратылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Жәңгір хан университетінің ректоры А.Наметов @wkau.kz Instagram

парақшасында тікелей эфир арқылы карантин уақытындағы оқу үрдісі, емтихан тапсыру барысы, оқу-өндірістік тәжірибеден өту мен диплом алу сәттеріне байланысты білім алушылардың сұрақтарына жауап берді. Облыстық «АҚЖАЙЫҚ» телеарнасының «Ел алдында» бағдарламасында қонақ болып, «Сапалы маман даярлау – заман талабы» тақырыбында пікірін білдірді. Сондай-ақ талапкерлерге арнайы тікелей эфир өткізіліп, ЖОО-ға қабылдау,

университет сыйлайтын мүмкіндіктер мен мамандықтар туралы толық ақпарат берді. 5 институттың директорлары мектеп түлектеріне онлайн ашық есік күнін ұйымдастырды.

Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығының ұйытқы болуымен Жәңгір хан университетінің ғалымдары да апта сайын тікелей эфирге шығып, аграрлық ғылымдағы ерекшеліктер мен жетістіктерді, зерттеу саласындағы жаңалықтарды қалың көпшілікке жеткізді.



«Парасат» ақпараттық білім беру орталығы

6 мамыр күні Жәңгір хан университетінің «Рухани жаңғыру» орталығы және «Парасат» АББО ұйымдастыруымен қазақ халқының ұлы ақыны, ағартушы Абай Құнанбайұлының

туғанына 175 жыл толуына орай «Абай мұрасы» тақырыбында онлайн-вебинар өтті. Жиынға университетіміздің 5 институтының және «Рухани жаңғыру» орталығы мен Тілдерді да-

мыту орталығының оқытушылары қатысты. Вебинар барысында «Рухани жаңғыру» орталығының директоры, ф.ғ.к В.Есенғалиева, ф.ғ.д., профессор

Т.Рысқалиев, аға оқытушы Г.Саркулова хәкім Абай Құнанбайұлының философиясы, ақын тұлғасы, ақын мұрасының маңыздылығына тоқталды.



«Рухани жаңғыру» орталығы

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Рухани жаңғыру» орталығы мен ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) БҚО департаменті ұйымдастыруымен «ҚР 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы» тақырыбында онлайн режимде дәріс оқылды.

Дәріске барлығы 34 студент қатысты.

Дәріс барысында Превенция және парасат басқармасының басшысы Б.М.Хайруллин Департамент жүргізген шараларға, төтенше жағдай кезінде Агенттік жүзеге асырған «AntikorLive» жобасына тоқталды. Аталмыш жоба аясында күн сайын сағат 11:00-де тікелей эфирде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік саясат туралы ақпарат айтып, әлеуметтік желі қолданушыларының сұрақтарына жауап беріледі.

Университет институттарының білім алушыларына «Отан неден басталады?» тақырыбында эссе жазу және «Менің университетім» тақырыбында онлайн бейнероликтер байқауы өткізілді. Байқауға 54 студент қатысты. Үздік деп танылған білім алушылар «Алғыс хат» және сыйлықтармен марапатталды.

Байқау қорытындысы бойынша үздік эссе: I орын – Борисова Елизавета (БАН-14); II орын – Қуанышкерей Мұхаммед-Әли (БМУ-11) марапатталды. Үздік бейнеролик: I орын – Жалғасбаева Малика (НГД-15), II орын – Амантаева Ажар (ТПР-23), III орын – Тілебалдиева Гүлім (ТППЖ-21).

